

ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 67 (9385) | 1954 жылғы 28 март Жексенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

Совхоз қызметкерлерінің абройлы ісі

Облысымыздың еңбекшілері, бүкіл еліміздегі сыяқты, СОКП Орталық Комитеті Иленуының «Елімізде астық өндіруді оған әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысын зор қуаныспен қарсы алды. Ауыл шаруашылығының негізі — астық өндірісін мықтап ұлғайтып, өркендету жөнінде партияның белгілеп берген программасын жүзеге асыру халықтың нан және басқа нан тағамдары жөніндегі тілектерін толық қанағаттандырды, елімізде астықтың қажетті резервін жасауды, мал шаруашылығын жедел өркендетуді, астық экспортын ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

Партия мен үкімет астық өндірісін ұлғайту жөнінде облысымыздың совхоз қызметкерлерінің алдына да орасан зор, құрметті міндет қойып отыр. Біздің совхоздарымыз үстіміздегі жылы және келесі жылы 353 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы мемлекетке астықты және мал шаруашылығы өнімдерін бұрынғыдан анағұрлым көп беруге тиіс. Бұл зор міндетті орындау үшін бізде толық мүмкіндік бар. Облысымыздың совхоздары отандық алдыңғы қатарлы техникамен жабдықталуда, оларда техниканы жете меңгерген механизатор кадрлары, ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастыра білетін қабілетті басшы кадрлар тәрбиеленіп өсті.

Облысымызда жаңадан 12 совхоз ұйымдастырылып жатыр. Жаңа совхоздар да үстіміздегі жылдың көктемінен бастап тың және тыңайған жерлерді игеруге кіріседі. Көзір бұл совхоздар техникамен жабдықталуда. Партиямыздың шақыруы бойынша бұл совхоздарға жұмыс істеу үшін Москвадан, Украинадан, Молдаван ССР-нан және басқа жерлерден 3 мыңнан астам механизаторлар мен басқа да мамандықтағы қызметкерлер келіп, жұмысқа кірісе бастады.

Озат совхоздар астық өндірісін өркендетуде мол тақрибелерге ие болды. Осының нәтижесінде облыс совхоздарында өткен жылы 1952 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдардың өнімі екі есеге жуық артты. Ал, әрбір сауын сыйырдаң 247 литр сүт артық сауылды. Совет, Октябрь, Преснов совхоздары егіншілік пен мал шаруашылығында мұнан да жоғары көрсеткіштерге ие болып, мемлекетке мыңдаған сом пайда келтірді.

Алайда, кейбір совхоздар астық өндірісін тың және тыңайған жерлерді то-

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдары совхоздардың басшыларынан жұмыстағы жеміштіліктерді дереу жойып, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуді, оның негізгі саласы астық өндірісін мықтап ұлғайтуды, сөйтіп, мемлекетке астықты, етті, сүтті, майды, жүнді көп беруді талап етті. Олай болса, совхоздардың директорлары мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары өздерінің жұмыстарын партия алға қойған міндеттердің дәрежесіне сай ұйымдастыра білуге тиіс.

Бұл үшін ең алдымен шаруашылықтың барлық саласына оперативті басшылық жасап, совхоз қызметкерлерінің социалистік жарысын бастай білу керек. Социалистік жарысты ұйымдастыруда формальдыққа жол беруге болмайды. Совхоздардың директорлары, партия және кәсіп одақ ұйымдарының басшылары совхоз қызметкерлерінің қалың бұқарасының арасында үнемі болып, іске нақтылы басшылық етуге міндетті.

Совхоз коммунистері мен комсомолдері социалистік жарысты ұйымдастыруда өздерінің қажырлы еңбектерімен басқаларға өнеге көрсетіп, бұқараны жаңа табыстарға ұйымдастыра білуге тиіс. Партия коммунистер мен комсомолдерден, міне, осыны талап етеді.

Көзір ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстың бүкіл әсері совхоз қызметкерлерін таяудағы міндет — тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын қысқа мерзімде, сапалы жөндеу, тұқым даярлау, агротехникалық шараларды жүзеге асыру, әсересе, егістік жерлер мен лабындық жерлерге көктемгі қар суын бөгеу, кадрлардың мамандығын арттыру, мал қыстау маусымын үлгілі өткізу жұмыстарына бағытталсын.

Жаңадан ұйымдастырылып жатқан совхоздардың жұмысына ерекше назар аудару қажет. Айта кету керек, совхоздар тресі, оның директоры Зенченко жолдас бұл шаруашылықтарға келіп жатқан жаңа техниканы, тұрғын үйлерді кезінде жеткізу, совхоздарды кадрлармен толықтыру мәселелеріне әлі де болса жеткілікті назар аудармай келеді. Бірқатар тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарының темір жол станцияларында, немесе түрлі қоймаларда сақталуы, жергілікті жерден жаңа совхоздар үшін жұмысшы күшінің өте аз дайындалуы өкінішті нәтиже береді.

Совет Одағының, Коммунистік Партиясының Орталық Комитетіне

Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының XII съезі комсомолдердің он сегіз миллионды армиясының атынан, совет халқының бүкіл жас ұрпағының атынан туысқан Коммунистік партия мен оның Орталық Комитетіне комсомолдық жалынды сәлем жолдайды!

Советтер елінің жігіттері мен қыздарының Коммунистік партияға сүйіспеншілігі мен берілгендігінің шегі жоқ. Олар ең үлкен ойлары мен армандарын партиямен байланыстырып отыр, олар өз өмірінің бүкіл бақытына және қуанышына партияның арқасында жетіп отыр. Социализм елінің жас ұрпағын партия күні сайын өсіріп, шынықтырып келеді. Ленин комсомолы өзінің бүкіл жұмысында Коммунистік партияның және оның Орталық Комитетінің күнбе-күнгі әкелік қамқорлығын көріп отыр. Комсомолдың күші мен берілгендігі қайнар бұлағы — партиялық басшылықта.

Съездің делегаттары, бүкіл Ленин комсомолы Коммунистік партияның Орталық Комитетінің БЛКЖО XII съезіне құттықтауын асқан зор жігермен қарсы алды. Бұл документте комсомолдың Коммунистік партияға, Советтік Отанға жан-тәнімен берілген коммунизмнің жас құрылыстарының тәрбиелеу жөніндегі бүкіл жұмысын оған әрі жақсартудың жауынгерлік программасы белгіленіп берілді.

Съезд СОКП Орталық Комитетін комсомолдер мен комсомолшалар, совет елінің жігіттері мен қыздары партияның данышпандық нұсқауларын жүзеге асыруға өздерінің барлық күштерін жұмсайды деп сендіреді.

Комсомолдер, бүкіл совет жастары мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылысқа, еліміздің бүкіл қоғамдық-саяси тұрмысына бұрынғыдан да зор белсенділікпен қатысады. Комсомол жастар арасында социалистік өнеркәсіпті оған әрі өркендетуге және ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру жолындағы, елімізде халық тұтынатын товарлардың молшылығын жасау жолындағы социалистік жарысты еселенген кісігермен өрістетіп береді.

Партия жастарға коммунистік тәрбие беру жөнінде комсомолға игілікті және жауапты міндеттер жүктеді. Комсомол жігіттер мен қыздардың марксизм-ленинизм негіздерін меңгеруіне, Маркстің —Энгельстің —Лениннің —Сталиннің асқан жеңімпаз ілімін саналылықпен жүзеге асыруына бұрынғыдан да гөрі қажырлықпен көмектеседі. Ленин комсомолы жас ұрпақтар еңбек сүйгіш және серік, күшті және бағыл, партия мен совет халқына жан-тәнімен берілген, коммунизмнің жеңісіне шексіз сенген, осы ізгі мақсатқа жету жолындағы қиыншылықтардың қандай болса да және алатын болып өсуі үшін не керектігін бәрін істейді.

Комсомол совет жастарының білімді, озат ғылым мен техниканың табыстарын қажырлықпен меңгеруін, бұлар-

Таяудағы екі-үш жылдың ішінде совхоздар астық тапсыруды кемінде 500 миллион пұтқа жеткізуге, сонымен қатар, мемлекетке өткізілетін еттің, сүттің және басқа ауылшаруашылық өнімдерінің мөлшерін арттыруға міндетті. Бұл—совхоз қызметкерлерінің абройлы ісі.

ды халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларында іс жүзінде қолдана білуін бұдан былай да қамтамасыз етіп отырады. Комсомол ұйымдары жастардың денесін шынықтырады, оларды еңбекке және сүйікті Отанымызды қорғауға даярлау ісіне тынбастан қамқорлық жасап отырады.

Пролетарлық интернационализм принциптерінен айнымайтын комсомол демократияшыл жастардың авангардында арқашан да болып, ұлы Қытай Халық Республикасының, халықтық демократия елдерінің, Герман Демократиялық Республикасының жастарымен, бейбітшілікті жақтап, жаңа соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы шығып отырған барлық елдердің жас ұрпағымен туысқандық байланыстарды барынша нығайта береді.

Біздің съезіміз принципті сын мен өзара сын жағдайында өтті, комсомол ұйымдары мен олардың басшы органдарының жұмысындағы кемшіліктерді ашып, комсомолдың жұмысын оған әрі жетілдіру шараларын белгіледі. Съезд совет балаларына коммунистік тәрбие беруде зор роль атқаратын В. И. Ленин атындағы пионер ұйымының жұмысын жақсарту жолдарын белгілеп берді. Комсомол басшылық етудің кеңесшілік- бюрократтық әдістерін комсомол органдары жұмысының практикасынан батыл жойып, жастардың қалың бұқарасымен жаңы байланысты барынша нығайтып, жігіттер мен қыздардың барған сайын өсіп отырған тілектері мен мүдделерін қанағаттандыруға тынбастан қамқорлық жасап отырады.

Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы өзінің XII съезіне партияның және оның Орталық Комитетінің төңірегіне қай кездегіден болса да үлкен топтасқандықпен жекелді. Коммунистік партия — жастардың данышпан ұстазы және ақылшысы. Партияның сөзі, партияның ісі — комсомол үшін бәрінен де ардақты. Съезд ленинизмнің мәңгі жасайтын идеяларынан айнымайтын комсомол Коммунистік партияның өзіне берілген ұлы, оның сенімді резерві және көмекшісі ретінде бұдан былай да оның соңынан берік және бұлжымастан ереді деп Коммунистік партияның Орталық Комитетін сендіреді. Комсомол, совет жастары Совет мемлекетінің, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар одағын, ССРО халықтарының мызғымас достығын нығайтуда, коммунизмнің салтанаты жолындағы күресте Партияға, Совет Үкіметіне тынбастан көмектесіп отырады.

Совет халқының коммунизм жолындағы күресінің бағыт беруші және басшы ұлы күші — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті жасасын!

БЛКЖО XII СЪЕЗІ.

БЛКЖО XII СЪЕЗІ

26 мартта БЛКЖО XII съезі өзінің жұмысын аяқтады. Съезд күніна дауыс беру арқылы БЛКЖО-ның басшы органдарын сайлады. БЛКЖО Орталық Комитеті құрамында 103 мүше мен 47 кандидаттан, барлығы орындарынан тұрды.

Шеленин жолдас, съезге арнаған құттықтауларында өз елдері жастарының жарқын болашақ жолындағы, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолындағы күресі жөнінде, миллиондаған жігіттер мен

Қар суын бөгеу—маңызды міндет

Төзгісіз жағдай

Петропавл МТС-нің қамтуындағы кейбір колхоздар өткен жылы егіс алаңына және жайылымдықтар мен шабындықтарға қар суын бөгеуді дұрыс ұйымдастыру арқылы дәнді дақылдардың, шабындықтардың өнімділігін едәуір арттырды. Картоп пен овоцтың мол өнім жыйнады.

Мәселен «Луч Ленина» колхозының колхозшылары өткен жылғы картоп пен овоц дақылдары егілетін алаңға қарды көптеп тоқтатып, көктемде қар суын бөгеу үшін қалқандар мен бөгеттер жасады. Мұның өзі егіс алаңында ылғалдың мол болуын, сөйтіп, қауластың әрбір гектарынан 175 центнерден, қыярдан гектарынан 150 центнерден, сол сыяқты, картоптен де мол өнім алынуын қамтамасыз етті. Бұл колхоз шабындықтарға да қар суын бөгеуді ұйымдастырды. Осының нәтижесінде ол жерлердегі шөптің шығымы жақсы болып, колхоздың қоғамдық малы азықпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілді.

Егіс алаңына, жайылымдықтар мен шабындықтарға қар суын көптеп бөгеу ісінің осындай маңызы ерекше күшті. Солай бола тұрса да, Петропавл МТС-нің, сонымен бірге, МТС қамтуындағы колхоздардың басшылары үстіміздегі көктемде қар суын бөгеу жұмыстарына осы уақытқа дейін жете мән бермей келеді.

Димитров атындағы колхоз МТС қамтуындағы малды әрі картоп пен овоц дақылдарын мол өсіретін шаруашылықтың бірінен саналады. Қар суын бөгеу— бұл колхоз үшін маңызды жұмыстардың бірінен саналады. Бірақ, колхоз басшылары осы уақытқа дейін жайбарақаттыққа салынып, қар суын бөгеу ісіне жете мән бермей келеді. Олар қалқандар мен тоғандарды салуға әзірлік жұмысын ұйымдастырмаған. Колхоз басшылары бұл жөнінде көмекті МТС-тен күтетін көрінеді. Ал, жағдай МТС-те бұдан да нашар.

— Көктемде колхоздарда 1200 гектар жерде техника күшімен қар суын бөгеуіміз керек, — дейді МТС-тің бас агрономы Ли жолдас. Бұл іске көзірден бастап кірісуге болады. Бірақ, біздің МТС-те қарды жылтатып арнаулы құрал жоқ. Мұны қолдан істеуге болады. Бірақ, бізде темір жоқ болғандықтан бұл іске кірісе алмай отырмыз.

Шынында да бұл МТС-тің қамтуындағы бірде-бір колхоз қар суын бөгеу ісіне, ол үшін қалқандар мен тоғандар

лық пайдаланбай, агротехникалық шараларды бұрмалап келді. Мұндай шаруашылықтардың қатарына Қарағанды совхозын қосуға болады. Өткен жылы бұл совхоз дөңді дақылдар егісінің әрбір гектарынан мемлекетке небары үш-ақ центнер астық танырды, сөйтіп, совхоз өнімінің өзіндік құнын кемітудің орнына, қайта оны жоғарылатты. Ұзынкөл совхозы жөнінде де осыны айтуға болады. Бұл шаруашылықтардың басшылары совхоздардың тиімді жұмыс істеуіне, ауылшаруашылық өнімдерін мемлекетке көптеп беруіне жетісуге тиіс.

Совхоздарда астық өндіруді ұлғайту және олардың шаруашылық жұмысын жақсартуда көптегі дала жұмыстарына тыңғылықты әзірлеу, мал қыстату маусымын үлгілі өткізу жұмыстары шешуші роль атқаратыны мәлім. Бірқатар совхоздар, атап айтқанда Мамлют, Приешім совхоздары механизаторлардың жұмысын олардың социалистік жарысын пәрменді ұйымдастырып, тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді мерзімінен бұрын орындады. Бұл шаруашылықтарда егіс бригадаларын, трактор отрядтарын кадрлармен толықтыру, егістік жерлерге агротехникалық шараларды қолдану жұмыстары ұйымшылдықпен жүргізілуде. Бірақ, облысты тұтас алғанда совхоздардың көптегі егіске әзірлік жұмыстары әлі де баяу.

Егіске шығатын уақыттың жақын қалғанына қарамастан Қызыл, Степной, Чистов совхоздарында тракторларды және басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысының қарқыны мүлдем төзгісіз. Бұл шаруашылықтарда 20 мартқа дейін тракторлардың небары 65—70 проценттейі ғана жөндеді. Степной, Қарағанды совхоздарында тұқым тазарту, оны шығымдылық сапаға жеткізу жұмыстары күні бүгінге дейін аяқталған жоқ.

В. И. Лениннің „Мемлекет және революция“ деген еңбегінің қазақ тілінде басылуы

Қазақтың мемлекеттік баспасы В. И. Лениннің «Мемлекет және революция» деген еңбегін қазақ тіліне аударып,

жеке кітапша етіп басып шығарды. Кітапша көп тиражбен басылған. (ҚазТАГ).

Арал төңірегіндегі бақпар

ҚЫЗЫЛ-ОРДА, (ҚазТАГ). Кеше облыстың бақша және жүзім өсірушілерінің онкүндік семинары аяқталды. Семинарға қатысушылар лекциялар және баяндамалар тыңдап, Арал төңірегіндегі жартылай елсіз дала жағдайында жемістер мен жүзімдерді өсіру жөніндегі тәжірибелерімен ауысты.

Облыста бақша және жүзім өсірумен

бірнеше колхоздар шұғылданады. Олардың тәжірибесі Арал төңірегіндегі даланың жағдайында бақтар мен жүзімдіктер шаруашылықтың жоғары өнімді саласы екендігін көрсетті. Қармақшы ауданының III-Интернационал атындағы колхозы өткен жылы екі гектарлық бақтан 50 мың сом кіріс алған.

Жаңа жерлерді игеретін механизаторлар үшін стандартты үйлер

Үстіміздегі жылы тың жерлерді игеретін Қазақстанның МТС-теріне 600-ден астам стандартты құранды үйлер әкелу көзделіп отыр. Мордва АССР-нен Қазақстанға стандартты алғашқы 30 үй жөнелтілді. Жүздеген стандартты үйлер республикаға Молотов облысынан келеді. Қазақстан механизаторлары

үшін «ПВ—14» дала вагондарын Арзамас механика заводы әзірлеуде. Осындай вагонның әрқайсысында вагонды жылжитын орталық жабдық, 14 кісіге арналған екі тұрғын бөлме, жуынатын бір орын жабдықталған.

(ҚазТАГ).

31 адамнан сайланды.

Съезде шетел жастарының өкілдері — Норвегия коммунистік жастары Орталық Комитетінің секретары Арне Ергенсен, Чили коммунистік жастары одағының өкілі Мануэль Томес, Жалпы Голландия жастары одағы Орталық Комитетінің председателі Йоганн Вольф, Иран халық жастары одағы Орталық Комитетінің секретары Фар-Хань, Венецуэлы коммунистік жастар одағының өкілі Энрике Анарисио, Израиль коммунистік жастар одағы Орталық Комитетінің секретары Давид Бурштейн, Уругвай коммунистік жастар өкілі Рубен Аксонегги, Сирия студенттерінің республикалық одағының секретары Джемали, Куба социалистік жастар өкілі Петро Гарсиа, Австрия ерікті жастар одағының председателі Губерк Шваб, Испанияның Біріккен социалистік жастар ұйымының өкілі Тереса Мартинес құттықтау сөз сөйледі, оларды делегаттар қызу қарсы алды.

Председательлік етуші ВЛКСМ XII съезі атынан Совет Одағы Коммунистік

ры Рапохин жолдас құттықтаудың текетін оқыды.

Съезд делегаттары құттықтаудың текетін бірауыздан мақұлдады. Зал мұнарасы астында ду қолшалақталды, Коммунистік партияның, оның Орталық Комитетінің құрметіне ұрандар тасталды. «Ура-даған!» дауыстар естілді.

ВЛКСМ Орталық Комитетінің секретары Шеленин жолдас съезді жабық деп жариялап, ВЛКСМ XII съезі принципті екен және өзара сын жағдайында, жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру жөніндегі комсомолдың жұмысын бұдан былай да жақсарту беру жолындағы күрес ұранымен, жас патриоттардың барлық күш-жігерін елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы бүкілхалықтық күреске белсене қатынастыру ұранымен өткендігін мәлімдеді. Съезд совет жастарының халықаралық байланысының өсіп, нығайтып отырғандығын, оның бейбітшілікке және халықтар арасындағы достыққа деген шын ынтасының айқын салтанаты болды. Біздің шетелдік достарымыз, деді

Колхоздардың мал шаруашылығын өркендетуде МТС-тердің ролі

СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы жарыққа шыққаннан бергі уақытта облысымыздың мал шаруашылығын өркендету ісінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Бірқатар колхоздарда мал басы көбейіп, өнімділігі артты. МТС-тердің біразы және олардың штаттарындағы мал мамандары колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде өздерінің ролдерін күшейте түсті. Мұның өзі бірқатар колхоздарда мал қыстату, төл алу маусымдарының ұйымшылдықпен өтуіне мүмкіндік беріп отыр.

Соколов ауданындағы Молотов атындағы колхозда өткен жылы құнарлы мал азығы жеткіліксіз дайындалды. Бұл жағдай қыстың күндері малдың қоны төмендеп, шығын болу қаупін туғызды. Осы колхозды қамтығын Налобин МТС-нің зоотехнигі Чусевитина жолдас колхоз басқармасымен бірлесе отырып, қоғамдық малды азықтандырудың нақтылы шараларын белгіледі. Олар құнарлы мал азығын орысхан егінің сабаны есебінен толықтыруды жоспарлады. Демек, сабанты малға турап, буландырып беру әдісін жеңінен қолдануды ұсынды. Бұл жөнінде МТС дирекциясы (директоры Андрицков жолдас) колхозға кезінде көмек көрсетті. МТС механигі Ибрагимов жолдасдың басшылығымен колхозда азық буландырып қыстың алғашқы күнінен тоқтаусыз жұмыс істеді. Малды азықтандыруға сабанды пайдалану және оны нәрлендіріп беру колхозда сыйырлардың сүттілігі артуына да қолайлы жағдай жасады. Өткен жылғы қысқы маусымнан быылғы қысқы маусымда сыйырлардың сүттілігі 2,5 есе артты.

Зоотехник Чусевитина жолдас колхоз фермаларында үнемі болып тұрады. Ол мал өсірушілерге малды бағып, күтуде зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерді қолдану ісінің маңызын жете түсіндіріп, олардың жұмысына күнбе-күн көмек көрсетіп отырады. МТС дирекциясы мал мамандарының жұмысына ерекше көңіл бөліп, олардың орынды ұсыныстарын үнемі қолдайды. Міне, сондықтан да Налобин МТС-нің қамтуындағы колхоздарда мал қыстату маусымы табысты өтуде. Колхоздардың көпшілігінде мал шығыны болған жоқ. Сыйырлардың сүттілігі өткен жылғы осы мерзімдегіден едәуір артты.

Алайда, жағдай барлық МТС-терде бұлай деуге болмайды. Колхоздардың мал шаруашылығын өркендетуде МТС-терге зор міндет жүктеліп отырса да, көпшілік МТС-тердің басшылары бұл аса маңызды іске жете назар аудармайды. Олар мал шаруашылығын өркендету ісінде МТС-тердің ролін күшейтуді екінші қатардағы іс деп санайды.

Соколов МТС-нің қамтуындағы колхоздың барлығын мал мамандары қамтыды. Бірақ, олар мал шаруашылығын өркендетуде нәтижелі басшылық жасай алмай келеді. Малды азықтандыру, күту жөнінде колхозшыларға іс жүзінде көмек көрсете алмай жүр. Осы себепті кейбір колхоздарда қоғамдық мал кезінде азықтандырылмайтын болған. Мұның ақыры Киров атындағы, Ленин атындағы, «Путь Ленина», «Дозор Ильича» колхоздарында бірсыпыра малдың шығын болуына әкеліп соғып отыр. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда мал азығы жеткіліксіз дайындалса да, азықтың белгіленген мөлшерден артық жұмсалынуына жол берілген.

Осы кемшіліктердің барлығы МТС директоры Быков жолдасқа өбден белгілі. Бірақ, ол колхоздарда мал шаруашылығын өркендету ісіне басшылық етуді «ме-

достықты нығайтуға шын ұмтылып отырғандығын айтты. Біз қонақтарымызға съезді, комсомолды, жастарды құттықтағаны үшін шын жүректен алғыс айтамыз.

Біздің еліміздің жігіттері мен қыздары аруақытта және барлық жағдайда да партияның соңынан ереді, оның адал ұлдары мен қыздары, ұлы социалистік Отанның жалынды патриоттары болады. Совет жастары алдағы уақытта да Коммунистік партия үйреткендей өмір сүріп, еңбек етеді, күресіп, жеңеді.

Совет жастарының авангарды — Ленин комсомолы жасасын!

Біздің ұлы Отанымыз жасасын!

Совет Одағы Коммунистік партиясының даңқы арта берсін!

Залда ду овация басталды. Бәрі орындарынан тұрды. Делегаттар мен қонақтар партия гимні «Интернационал» мен дүниежүзі демократияшыл жастарының Гимнін айтты.

(СОТА).

төзгісіз жағдай.

Қар суын бөгеу жұмысы бұл сыяқты жайбарақаттықты күтпейді. Сондықтан МТС және колхоз басшылары істері кепшіліктерді бағыл жоюға, сөйтіп, әрбір колхозда қар суын бөгеу жөніндегі жоспардың толық орындалуына жетісулері керек. Бүгінгі күннің міндеті осыны талап етеді.

Т. ЕСЕНОВ.

Бөгеттер жасауда

Совет ауданындағы «Новый быт» колхозының колхозшылары көзірден бастап қар суын тиімді пайдалану ісіне кірісе бастады. Олар Сартомар МТС-і механизаторларының көмегімен 100 гектарға жуық жерге қардан қалқандар мен бөгеттер жасады. Колхозшылар көктемде жыртлатын 400 гектар тың жерге қар суын бөгеуге міндеттенді.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

нің міндетін емес» деп есептейтін көрінеді. Осы себепті ол зоотехниктер мен малдәрігерлерінің жұмысына нақтылы басшылық жасамай жүр.

Қазіргі уақыт мал шаруашылығын өркендетудің ең жауапты кезеңі болып есептеледі. Өйткені, бұл кезде аналық мал жаншай төлдей бастады. Сол сыяқты, апрель айында мал жазғы жайылымдарға шығарылады. Сондықтан төл алу маусымын тыңғылықты ұйымдастырып, олардың зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай күтілуін қамтамасыз ету керек. Осы кезде төлдермен бірге, ірі малдардың күтіміне ерекше назар аудару қажет. Бірқатар колхоздарда малдың қоны төмен. Мұндай малдың қонын арттыру үшін оларды құнарлы азықпен азықтандыру керек болады. Кәзір колхоздарда мал шағылыстыру маусымы бастала бастайды. Көпшілік жерде аналық мал қолдан ұрықтандырылады.

Осы міндеттердің жүзеге асырылуы МТС, колхоз басшыларының, мал мамандарының мал шаруашылығына оперативті басшылық етулеріне тығыз байланысты. МТС директоры зоотехниктер мен мал дәрігерлерінен әрбір фермада күн сайын болып тұруды, колхозшыларға күнбе-күн көмек көрсетуді талап етуге тиіс. Мал мамандары төлдердің шығынсыз өсірілуі үшін оларды күту, азықтандыру ісінің әрбір ферма бойынша дұрыс ұйымдастырылуына жетісулері керек.

Облыс колхоздарында астық өндірісін мықтап өркендету мақсатымен мыңдаған гектар тың және тыңайған жерлер жұмысалады. Бұрынғы жайылымдық жерлердің дені егіске пайдаланылады. Сондықтан мал мамандары колхоз басшыларымен бірлесе отырып, жайылымдықтарды пайдаланудың жоспарын осы бастап жасаулары керек. Мал азығының берік базасын жасау — мал шаруашылығын өркендетудің ең негізгі жолы. Сондықтан МТС агрономдары мал азығының дақылдар егісінің көлемін көбейту мәселесімен жете шұғылданулары керек. Олар әрбір колхоздың мал санына қарап, сүр-

ленетін дақыл, тамыржемісті өсімдік, сулы, арпа, жүгері, өкпе шөп егістерінің көлемін белгілеуге тиіс. Сөйтіп, колхоздарда құнарлы мал азығының берік базасы жасалуына МТС тарапынан нақтылы көмек көрсетілуі керек. Өткен жылдары мал азығын дайындауда облыс МТС-тері колхоздарға көмекті өз дәрежесінде көрсете алмады. Әресе, шабылған шөпті маялау жұмысы механикаландырылған жоқ. Бұл кемшілік үстіміздегі жылы мүлдем жойылуы керек. Әрбір МТС қамтуындағы колхоздарда мал азығының жеткілікті мөлшерде дайындалуына жауап беретін болады.

МТС-тер осы уақытқа дейін жаңадан мал қораларын салу, фермаларда қол еңбегін көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісінде колхоздарға нақтылы көмек көрсете алмай келеді. Мұның өзі мал шаруашылығын өркендету ісінде елеулі кемшіліктердің орын алуына негізгі себеп болып отыр. МТС басшылары істің бұл саласындағы кемшіліктерді тезінен жоюға тиіс. Олар колхоз малының стандартты қораларда күтілуіне, онда малды азықтандыру, суару жұмыстарының механикаландырылуына жетісуге тиіс. Міне, сонда ғана мал өсіруде, оның өнімділігін арттыруда жаңа табыстарға жетуге болады.

Республикамызда мал шаруашылығын барған сайын өркендету ауыл шаруашылығындағы шұғыл міндеттердің бірі болып есептеліп отырған жағдайда, колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісінде МТС-тердің ролін күшейту — маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Колхоздарда мал басының көбеюі, оның өнімділігінің артуы МТС-тердің колхоздарға күнбе-күнгі көмегінің жақсарту түсуіне байланысты.

М. ҚОСПАНОВ,

Облыстық ауылшаруашылық басқармасы, мал шаруашылығы басқармасының бастығы.

Тың және тыңайған жерлерді игеру—астық өндірісін шұғыл арттырудың кепілі

Біздің әзірлігіміз

Партия мен үкмет тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы егіс көлемін ұлғайту, егін шығымдылығын арттыру міндетін қойып отыр. Демек, тың және тыңайған жерлерді игеру—кезек күттіруді көтерейтін бүкілхалықтық, күрметті іс болып саналады.


Біздің МТС-тің механизаторлары жаңа жерді игерудің орасан зор маңызы барлығын өткен жылдардағы іс тәжірибелерінен айқын көріп келеді. Бұған өткен жылы МТС қамтуындағы колхоздарда механизаторлардың 1893 гектар тың жер көтергені толық дәлел. Черенов кесенде басқарған трактор бригадасы өткен жылы Сталин атындағы колхозда 487 гектар тың жер игеріп, оған қатты бидай өккен болатын. Бұл жерге егілген әрбір гектар егін участегіндегі қатты бидайдан алынған өнім зөнтен пайдаланылып келе жатқан егін участегінен алынған өнімге қарағанда 5—6 центнер артық болды. Мұндай мол өнім Ленин атындағы колхоздың жаңа жеріне егілген жаздық қатты бидайдан да жыйналды.

Быйылғы жылы МТС механизаторлары алдында 13 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеру міндеті тұр. Партия мен үкмет бұл істің ойдағыдай шешілуіне қажетті жағдайлар жасауда. Біздің МТС жаңадан көптеген қуатты тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын алуда. Бұл бай техниканы шеберлікпен пайдалана алатын маман кадрлармен толықтыру есебе алынып, МТС жағында механизаторлар кадрларын даярлайтын курс жұмыс істейді. Онда болашақ механизаторлар оқып жүр. Туысқан республикалардың еңбекшілері біздің МТС-ке де жаңа жерлерді игеруге өздерінің таңдаулы ұлдары мен қыздарын жіберіп, зор көмек көрсетуде.

Біз болашақ механизаторлардың жүйелі білім алып шығуларына тиісті материалдық және әдісін жағдайлар жасауда. Олардың барлығы оқуға қажетті көрнекі құралдармен, асханалармен, жатақханалармен қамтамасыз етілді. Мұның өзі курс тыңдаушыларының сабақты ойдағыдай үлгеруіне зор сөбен болып отыр.

МТС қамтуындағы колхоздарда быйылғы көктемде 3100 гектар жаңа жер жыртылып, оған тұқым себілуге тиіс. Әрине, бұл маусым оған күнілгері жан-жақты әзірлікті талап етеді. Ең алдымен тракторлар, тіркеу саймандары жөндеуге өткізіліп, көктемде жұмыс істеуге дайын тұруы керек. Осыған байланысты біздің МТС-тің жөндеуші механизаторлары тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуге өздерінің күш-жігерлерін аямай жұмсауда. Соның нәтижесінде МТС бойынша тракторларды жөндеу жоспары 20 мартқа дейін 79,6 процент орындалды. Механизаторлар жөндеу жұмысын тезарада аяқтал шықпақшы.

Көзіргі уақытта МТС механизаторлары егіске әзірлік жұмыстарының қарқынын барған сайын күшейтумен бірге, егіс



СУРЕТТЕ: Петропавл станциясына «КД—35» тракторларының эшелонмен келіп тұрған кезі. Бұл тракторлар Торангүл совхозының жаңадан игерілетін жерлерінде жұмыс істейтін болады. Суретті түсірген А Розенштейн.

Тың жерлерді игеруге тыянақты әзірлену керек

Тың жерлерді игеру Солтүстік Қазақстан колхоздары үшін жаңалық емес. Соңғы бес жылдың ішінде колхоздарда барлығы 416 мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылып, егістікке толық пайдаланылды. Мұның өзі көптеген колхоздарда астық өндірісін кеңінен ұлғайтуға, егіншіліктің мәдениетін жағары сатыға көтеруге негізгі себеп болды. Бұл жөнінде Приешім ауданының «Культурный пахарь» колхозының іс тәжірибесін мысалға алуға болады.

Тың жерді жыртуда, өңдеуде агротехникалық өрежелерді мұқият қолдану егіннің әрбір гектарынан 24 центнерден өнім алынуын қамтамасыз етті.

«Культурный пахарь» колхозының колхозшылары тың және тыңайған жерлерді егістікке пайдалану егін шығымдылығын арттырудың қайнар көзі екендігін өздерінің іс тәжірибелерінен айқын көрді. Сондықтан да олар быйылғы жылдың көктемінде 4086 гектар тың және тыңайған жерге тұқым себуді жоспарлап отыр.

Бұл міндетті мінсіз орындау үшін колхозшылар мен механизаторлар өткен жылдың өзінде бірқатар шараларды жүзеге асырған болатын. Мұнда 3286 гектар тың және тыңайған жерлер дайындалғанды. Оның 1000 гектары жаңа жерлер. Бұдан басқа көктемде 800 гектар тағы да тың жерлер жыртылып, оған тұқым себілді.

Колхозшылар егіс алаңына қажетті тұқым әзірлеу ісіне өткен жылдың күзін-

үшін 21 колхозшы тракторшылар даярлайтын курсты және механизация училищелерінде оқып жүр. Сол сияқты, колхозда трактор бригадаларын қамтытын адамдар—тіркеушілер, жанар, жағар май тағушылар, ас пісірушілер алдыңғы қатарлы колхозшылардан іріктеліп алынған. Колхоз басқармасы егіс, трактор бригадаларын тұрмыстық және мәдени қамту мәселесіне көп назар аударып отыр. Көзірдің өзінде бес дала қосы жөнделді.

Мұндай фактілерді Соколов ауданындағы «Победа», Ленин ауданындағы «Новый путь», Октябрь ауданындағы «Трудовик» және басқа көптеген колхоздардан келтіруге болады.

Алайда, облыстың барлық колхоздарында тың және тыңайған жерлерді игеру ісіне әзірлік жұмысының барысы қанағаттанарлық деп айтуға болмайды. Бұлаев ауданындағы Сталин атындағы колхозда осы уақытқа дейін үстіміздегі жылды жыртылатын жерлер іріктеліп алынбаған. Мұнымен бірге, колхозда жаздық бидай егісін егуге 600 центнер тұқым жетпейді. Колхоз басқармасы жетіспейтін тұқым қорын дайындау мәселесімен зәте шұғылданбайды. Колхозда қолда бар тұқымды тазарту, егістік санаға жеткізу жұмыстарының қарқыны да нашар. Мұндай кемшіліктер Баян, Соколов МТС-терінің қамтуындағы колхоздар да кездеседі.

Көктемгі дала жұмыстарының басталуына санаулы ғана күндер қалды. Сондық-

Төзгісіз кемшіліктер

Быйылғы жылы Чистая МТС-нің коллективі алдында (Көкнохов ауданы) 4300 гектар тың және тыңайған жер игеру міндеті тұр. МТС-те бұл міндетті жүзеге асыруға мүмкіншілік толығынан бар. Станция отандық жада техникамен барған сайын молынан жабдықталуда және техника тетігін білетін, оның қуатын ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда сарқа пайдалана алатын маман кадрлармен толықтырылуда.

Амал не, осыған қарамастан МТС жұмысында елеулі кемшіліктерге жол беріліп келеді. Ең алдымен, мұнда тың және тыңайған жерлерді игеруге, сайып келгенде, көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге әзірліктің барысы өте-өте қанағаттанғысыз.

Тракторларды жөндеу ісі тораптық әдіс бойынша жүргізілмейді. Бұл жөнінде көптеген бұйрықтар да жазылды, бірақ, ол аяқсыз қалды. Трактор жөндеудің графигі мүлде жасалмайды. Жөндеу сапасы төмен, кейбір жөндеген тракторларда көптеген ақаулар жіберілген. Слесарьлық құрал-саймандар жеткіліксіз. Жөндеу жұмысының жекелеген озаттарының іс тәжірибелері көпшіліктің игілігіне айналдырылмайды. Осындай кемшіліктердің орын алуы салдарынан 25 мартқа дейін 62 трактордың 30-дан аз-ақ астамы жөндеген. Тіркеу саймандарын жөндеу ісі де мақтарлық емес. Культиватор, лущильник, плугтерді жөндеу өте баяу жүргізілуде.

Жоғарыда көрсетілген фактілер бұл МТС-те көптеген олқылықтардың орын алып отырғандығын дәлелдейді. Рас, МТС басшылары партияның шақыруымен жаңадан келген, теориялық білімдері бар адамдар болғанымен шаруашылық тәжірибелері жеткіліксіз. Сондықтан облыстық ауылшаруашылық басқармасы олардың жұмысына көмектесуі керек. Осы МТС-тің трактор жөндеуден төзгісіз артта қалғандығы облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшыларына әбден белгілі. Амал не, жөндеу жұмысы басталғалы олардың бірде-біреуі МТС-те болып көрген емес. Мұның орнына, олар телефон соғу, кеңесіде отырып, бұйрықтар жазу сияқты іске басшылық етудің жарамсыз стилінен әлі арыла алмай келеді.

Жөндеуші механизаторлар арасында социалистік жарыс формальді түрде ғана ұйымдастырылған. Жарыстың барысына, орындалуына ешқандай бақылау жасалмайды. Үгіт-бұқаралық жұмыс тиісті дәрежеде емес. Жөндеушілер сменалық тапсырмаларының қалай орындалғанын білмейді. Жұмыстың орындалу қорытындысы айында бір-ақ рет көрсеткіш тақтасына жазылады. «Жауынгерлік листок» кезінде шығарылмайды. МТС партия ұйымының секретары Петрищев жолдас механизаторлар арасындағы саяси үгітті жаңа міндеттерге сай ұйымдастыра алмай отыр.

Аудандық партия комитетінің өкілі МТС-

Қызыл Крест қоғамы ұйымдарының жұмысына жете көңіл бөлінсін

Коммунистік партия мен Совет Үкметі халқымыздың әл-ауқат дәрежесін жақсарту жөнінде үздіксіз күрес жүргізіп, еңбекшілердің денсаулығын сақтау мәселесіне ғынбастан қамқорлық жасап келеді.

СОКП XIX съезі елімізде денсаулық сақтауды оған әрі жақсарту бағыты жөнінде жаңа міндеттер қойды. Егер тазалық сақтау-профилактикалық жұмыстарға еңбекшілердің қалай бұқарасы белсене қатысып отыратын болса партияның XIX съезінің директиваларында денсаулық сақтау жөнінде қойылған міндеттердің мүлтіксіз орындалатындығы күмәнсіз.

Профилактикалық және тазалық сақтау-сауықтыру шараларын жүргізуде Қызыл Крест қоғамының ұйымдары да денсаулық сақтау орындарына зор көмек көрсете алады және көрсетуге міндетті.

Қызыл Крест қоғамы мүшелері қатарының арта түсуі, санитарлық өзіндік жөніндегі жоспардың асыра орындалуы Қызыл Крест қоғамы жұмысының соңғы кезде едәуір жақсара түскендігін сыпаттайды. Кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, колхоздардағы МТС-тер мен совхоздардағы Қызыл Крест қоғамының көптеген төменгі ұйымдары өздерінің жұмысын айтарлықтай жүргізіп келеді. Сол сияқты, Қызыл Крест қоғамының көптеген төменгі ұйымдары және аудандық комитеттері жедел жәрдем көрсетушілер дайындау жөнінде айтарлықтай жұмыста жүргізді. Олардың қатарына Қызыл Крест қоғамының Ленин (председателі Ефименко жолдас), Петропавл (председателі Журавлева жолдас) аудандық комитеттерін, арақ-шарап комбинаты, элеватор, НГЧ—2 жанындағы бастауыш ұйымдарын қосуға болады.

Алайда, Қызыл Крест қоғамының көптеген аудандық комитеттері мен төменгі ұйымдары өздерінің ұйымдастыру жұмыстарындағы кемшіліктерді әлі күнге жоя алмай отыр. Олардың жұмысына басшылық ету дәрежесі алда тұрған міндеттерден төмен болып отыр. Әсіресе, шағын двигателдер заводы, нан

комбинаты сияқты қаладағы ірі өнеркәсіп орындарында қызыл крест жұмысына жете көңіл бөлінбейді. Бірнеше жыл бойына жоспарлы тапсырмалар және мүшелік жарна жөніндегі жоспарлар орындалмай келеді.

Аталған кәсіпорындарында жұмысшылар мен қызметшілерді тазалық жағынан қамту үшін қажетті мүмкіншіліктер толық жеткілікті бола тұрса да олардағы партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары бұл маңызды мәселеге жеткілікті назар аудармай-ақ келеді. Соның салдарынан олардағы Қызыл Крест қоғамы бастауыш ұйымдарының жұмысы бетімен жіберілген, қоғам мүшелерінің жыйналысы өткізілмейді, санитарлық постар тәртіпке келтірілмеген, санитарлық постшылар даярланбаған. Көп реттерде бастауыш ұйымдардың председателдері қалалық, аудандық Қызыл Крест комитеттеріне өздерінің істеген жұмыстары туралы есеп беріп отырмайды.

Үстіміздегі жылдың бірінші жартысында Қызыл Крест қоғамы комитеттері өкілдіктерінің аяқталуына байланысты облысымызда Қызыл Крест қоғамының ұйымдарында есеп беру-сайлау жыйналыстары, аудандық, қалалық және облыстық конференциялар өткізіледі.

Қызыл Крест қоғамының аудандық комитеттері қолхозшылар, жұмысшылар мен қызметшілер, сол сияқты, оқушылар арасында ерікті қоғамдық ұйым — Қызыл Крест қоғамының игі мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру мақсатымен түсінік жұмыстарын өрістете жүргізулері қажет.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарына жақсы әзірленіп, оны Қызыл Крест жұмысына оған әрі жақсартып, қоғам мүшелерінің кәсіпорындарында, мекемелерде, колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде еңбек өнімділігін мейлінше арттыру, қоғамның барлық мүшелерін Коммунистік партия мен Совет Үкметі төңірегіне берік топтастыра түсу ұранымен өткізілуге тиіс.

П. ШЕВЧЕНКО,
Қызыл Крест қоғамы облыстық комитеті председателінің орынбасары.

Пондишери мен Гоадағы оқыйғалар жайында

ДЕЛИ, 27 март. (СОТА). Индияның премьер-министрі Неру 25 мартта Халық палатасында сөз сөйлеп, Индия жеріндегі француздар билеп отырған аймақтардағы оқыйғалардың дамуына байланысты елеулі тынышсызданушылық білдірген.

Индия үкметі жарлық жариялап, оған байланысты Пондишери шекараларына әскери полиция бөлімдерінің жақындатылуы, сол сияқты, Индияның екі азаматы және Моделнарпет қаласының мәрі Нанда Гопаланы тұтқынан міндетті түрде босату талап етілген. Сонымен бірге, Индия үкметі Делидегі француз елшісіне француз өкмет орындары-

ның Пондишери істерінде жасап отырған террорларына қарсы батыл наразылық білдірген.

Индия сыртқы істер министрінің орынбасары А. К. Шанда Халық палатасында Португалия өкмет орындарының Гоадағы Индияның бас қонсула жөнінде жасап отырған заңсыз әрекеттеріне қарсы Индияның наразылық білдіретіні туралы мәлімдеген.

«Хиндустан таймс» газетінің хабарына қарағанда, Гоа мен Пондишериде азаттық күресі өрістей түскен. Жергілікті жұртшылық бұл аудандардың Индия одағының жеріне қосылуын талап етуде.

колхозшыларға нақтылы көмек көрсете бастады. Олар МТС қамтуындағы барлық колхоздарда қар суын бөгейтін қалқандар мен бөгеттер жасалуына жетісетін болады. Бұл істе трактор күшін пайдаланамыз.

Көктемгі егіске мұқият әзірлеу — бұл науқанның ойдарыдай аяқталуының басты кешілі. Сондықтан біз өзіміздің барлық күш- мүмкіншілігімізді көктемгі егіске әзірлік жұмысына аямай жұмсап, егісті агротехникалық мерзімде, жоғары дәрежеде өткізу үшін күресеміз.

Н. ПЕТРОВ,

Октябрь ауданы, Торангүл МТС-нің директоры.

Мәжліс құмарлар

Ленин атындағы колхоз Булаев ауданындағы жері көп, демеу, егін және мал шаруашылығын оған сайын өркендету беруге толық мүмкіншілігі бар колхоздардың бірінен саналады. Бұл колхоздың тек 1954—1955 жылдары игеруге тиіс тың және тыңайған жерінің көлемі 3.400 гектардан асады. Ал, мұның 2.600 гектары үстіміздегі жылы игерілуге тиіс болса, оның 670 гектарына көктемде тұқым себілуі керек. Бұл — әрине, өте жауапты жұмыс.

Колхозда жаңа жерді игеруге әзірлік те, жалпы шаруашылық жұмыстың жайы да мүлде қанағаттанғысыз.

Бұл колхоздың партия ұйымының есебінде 15 коммунист, комсомол ұйымының есебінде 19 комсомолец бар. Бұлардан басқа партияда, комсомолда жоқ активтер де аз емес. Бұл сөз жоқ, колхозда орасан зор күш.

Бірақ, амал не, колхоздағы осыншалықты зор күш іске дұрыс пайдаланылмай келеді. Коммунистер мен комсомолецтердің басым көпшілігі өндірісте тікелей жұмыс істемейді. Олар колхозда әкімшілік-басқарушылық қызметті, немесе жеңіл-желпі жұмысты атқарады. Ал, өндірісте жұмыс істеп жүрген коммунистер мен комсомолецтердің бірқатары авангардтық роль атқармайды. Коммунист Б. Мустафин жолдас колхоз басқармасынан қой фермасында есепші болып істеуге жіберуді талай рет өтініп болатын. Оның бұл тілегі орындалды да. Бірақ, ол қалай алған жұмысын атқара алмай, фермадағы есепші бетімен жіберді. Тіпті оның өзі еңбеккүн есептеудің жаңа тәртібін білмейді де. Коммунист Ю. Әмзия, Қ. Токтаров жолдасар өндірістің жауапты учасқтарында болудан бойларын аулақ салып келеді. Бұл екеуі не егіншілермен, не мал өсірушілермен бірге тұрақтай жұмыс істемейді.

Осы елеулі кемшіліктерді колхоз партия ұйымының секретары Ж. Бейсенбин жолдас білмейді деп айта алмаймыз. Ол бұл жағдайды жақсы біледі. Сөйте тұра

де кіріскен болатын. Осының нәтижесінде мұнда барлық егістік алаң сәртты тұқыммен қамтамасыз етіліп, шығымдылық сапаға жеткізілген. Село еңбекшілері көзгі уақытта көктемгі егіске барлық жағынан тыңғылықты әзірленуде. Олардың көзгі мақсаты — көктемгі егісті агротехникалық ережелерге сай, қысқа мерзімде өткізіп, сөйтін, егіннен мол өнім алуға жетісу.

Колхозда тың және тыңайған жерлерді игеру үшін быыл көлемі 10 жаңа шығыр табаңды тракторлар жұмыс істейді. Тың жерлерді жыртатын арнаулы трактор бригадаларында тәжірибесі мол механизаторлар еңбек ететін болады. Бұдан басқа тракторларда жұмыс істеу

тан осыан МТС-тердің басшылары трактор бригадаларын ұйымдастырудағы бұл жайбарақаттықты тезінен жоюға тиіс. Олар әрбір бригаданың тракторлардың механизмін жақсы білетін кадрлармен толықтырылуына жетісуге міндетті. Ал, колхоздардың басшылары тұқым қорын әзірлеудегі, дала қостарын дайындаудағы орын алған кемшіліктерді тезінен жоюдың нақтылы шараларын белгілеп, оны мінсіз жүзеге асырулары керек.

Көктемгі егіске барлық жағынан тыңғылықты әзірленгенде ғана облыс колхоздары астық өндірісін ұлғайту жөнінде алда тұрған міндетті мінсіз орындай алады.

Агроном Я. САЛЕНКО.

сыяқты жолдасар көсіле сөйлейді. Олар тоқта демесе тоқтамайтын, ұзақ түнге сөзден төтеп бере алатын, өздерін сөз шебері дейтіндер. Олар сөз неғұрлым көп сөйлесе, іс солғұрлым жемісті болады деп ұқса керек, сірә. Бұл колхозда мұндай мәжлістер мен кеңестерден тура зар қаксайтындар да жоқ емес.

Колхозшылардың өткен жылғы 9 октябрде болған жыйналысының қаулысында мал шаруашылығын өркендету жөнінде бірқатар шаралар белгіленді. Онда: «мал азығының берік қорын жасау жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістетілісін...» делінген. Ал, колхоз басқармасының осы жылғы 7 январьда болған мәжлісі егіске әзірлік жөнінде ұзақ қаулы қабылдады. Онда «... егіске әзірлікті қысқа мерзімде, әрі сапалы аяқтау ұйымдастырылысын» делінген. Әрбір мәжлісте, кеңесте осылар сыяқты шаралар белгіленіп, қаулылар алынып жатады. Бұл жағынан колхозды олқы дей алмаймыз.

Не пайда, сол қаулылар қағаз жүзінде қалып келеді. Демек, олардың орындалуын ешкім ұйымдастырмайды. Осы себептерден көзір мұнда малдың азығы жеткіліксіз, қойы төмен, шығыны көп болып отыр. Басқа колхоздарда азықты үнемдеу жолы малға азықты норма бойынша және нәрлендіріп беру есебінен жүргізілсе, мұнда керісінше норманы кеміту есебінен жүргізілген. Мұндай жағдайлар Т. Данияров, Ж. Шақанов, Қ. Сыздықов жолдасар басқарған фермаларда кездеседі. Мұның өзі өткен алты айда колхозда 100 ден астам қой мен қозының, 24 сыйыр мен бұзаудың шығын болуына, 30 биенің іш тастауына әкеліп соғып отыр. Көктемгі егіске әзірлікте де осындай елеулі кемшіліктер бар. Сұлы мен арпа тұқымы жетпейді. Картоп пен оварь тұқымы мүлдем жоқ. 1500 центнер дөңді дақыл тұқымы тазартылмай жатыр. Жергілікті тыңайқыштарды дайындау жоспары орындалмаған. Егіске қажетті құрал-саймандарды жөндеу аяқталған жоқ. Істің жайы осылай бола тұрса да, бұған егіс бригадаларының бригадирлері Т. Сәр-

теп секретары Брек жолдас та МТС-тің көктемгі егіске әзірлікте артта қалғандығына қынжылар емес. Ол механизаторлар арасында жиі болып, жыйналыстар өткізу, кемшіліктердің бетін ашып, оларды жою шараларын қолдану сыяқты жұмыстарды жүргізуді ойластырмайды. Тіпті, механизаторлардың көпшілігі оның кім екенін де білмейді. Ол МТС-тегі жағдаймен тек мәліметтер бойынша ғана таныс.

Көктемгі егістің басталуына санаулы ақ күндер қалды. Олай болса, көктемгі егіске, тың жерлерді игеруге әзірліктің көзгі барысына төзімділік жасауға болмайды. Бұл аса маңызды істе жаңа қарқын туғызу қажет.

Ж. БӘЙКЕНОВ.

сенбаев, Қ. Нұртаев, Д. Сырымбетов жолдасар қынжылар емес.

Колхоз председателинің орынбасары К. Айтмағамбетов жолдасар егіске, тың жерді игеруге әзірліктің барысын сұрағанда, ол:

—Тұқым тазарту, қар тоқтату, тың жерді игеру мәселелерін жыйналыста талқыладық, жетпейтін құрал-саймандар бар еді, ол жөніндегі мәселені алдағы жыйналыста талқыламақшымыз, —дейді.

Бұл колхоздағы басшылардың мәжліс құмарлығына тағы бір дәлел мынау: мұнда «қозы қорасына сәкі салдыру», «бұзауларға төсектік сабан әкелу», «аналық малды бойдақ малдан бөлу» сыяқты мәселелер де мәжлістің күн тәртібіне қойылып, ол жөнінде ұзыннан-ұзақ қаулы алына береді. Тіпті осындай мәселелер талқыланғанда да шешендер серпізе сөйлеп, көп қымбат уақыттарды босқа өткізетін көрінеді.

МТС және аудан басшылары колхоздарда сирек болады. Ленин атындағы колхозды қамтытып Булаев МТС-нің директоры Лепехин, аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Шалимов жолдасар жыл басынан бері аталған колхозда өткініш ретінде екі-үш рет болды. Аудандық Совет атқарушы мен аудандық партия комитеті басшыларының да бұл колхозға жол-жөн емей соғып кеткені бар. Олар «істің жайы қалай» десе, колхоз басшылары «кемшілігіміз бар, бірақ, оны жою жолын алдағы жыйналыста талқыламақшымыз» десеңді. Осыған қанағаттанып, басшылар кете барады.

Біздіңше уақытты мәжлістер мен кеңестерде көп өткізгеннен гөрі, өндірісте жұмыс істеп жатқан адамдармен тығыз байланыс жасап, оларға нақтылы басшылық етудің іске көп пайдасы бар ғой дейміз. Олай болса, Ленин атындағы колхоздың басшылары мұны жете ескерулері керек.

**Ғ. НҮРМОЛДИН,
Б. ЖАҚЫПОВ.**

Булаев ауданы, Ленин атындағы колхоз.

IX СЕССИЯСЫНЫҢ ЖАБЫЛУЫ

ЖЕНЕВА, 26 март. (СОТА). Кеше БҰҰ-ның Европа жөніндегі экономикалық комиссиясының IX сессиясы өзінің жұмысын аяқтады.

Сессияның қорытындысында ССРО өкілі П. Н. Кумыкин сөз сөйледі. Ол болып өткен сессия барлық елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту, саясатында ілгері басқандықты көрсетті, мұның өзі соңғы кездегі жалпы жағдай үшін ерекше сипаттағы оқығға болып табылады деп атап көрсетті. Экономикалық комиссиясының IX сессиясы, деп мәлімдеді совет өкілі, экономикалық ынтымақтас-

тықтар жолында елеулі кедергіліктер тұрғанын көрсетті, бірақ, олар жойылатын болуға тиіс. Барлық елдер арасында тығыз экономикалық ынтымақтастықтың қажеттігі барлық жерде бірдей түсініліп отыр.

БҰҰ-ның Европа жөніндегі экономикалық комиссиясының председатели Ульрих сессияны жаба келіп, сауданы өрістетуге және экономикалық ынтымақтастық жолындағы барлық кедергіліктерді жою туралы мәселе БҰҰ-ның Европа жөніндегі экономикалық комиссиясы IX сессиясының бүкіл жұмысының лейтмотиві болғандығын атап көрсетті.

ЕГИПЕТТІҢ БАСШЫ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОВЕТІНІҢ ҚАРАРЫ

КАИР, 26 март. (СОТА). Кеше Египеттің басшы революциялық советінің генерал Нагиб председателдік еткен төтенше мәжлісі болды.

Хабар етілгеніндей, басшы революциялық совет мынадай қарар қабылдаған: саяси партияларды тарату жөніндегі заңдар жойылсын және саяси партияларды құруға рұқсат етілсін; құрылтай жыйналыстары «төтенше және еркін сайлау негізінде» сайланады және парламенттің барлық қораларына ие болады; басшы революциялық совет 24 ию-

льде — құрылтай жыйналысы жұмысқа кіріскеннен кейінгі екі күннен соң таратылады; құрылтай жыйналысының жүргізетін алғашқы шараларының бірі республиканың президентін сайлау болады.

Басшы революциялық совет оның мүшелері жаңа саяси партиялар құрмайды деп жариялап, республика азаматтарының «саяси қораларына қол сұқпаушылықты» жариялады.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«РИМ САҒАТ 11-ДЕ»

Сағат 4-30, 6-30, 8-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОРЫС БАЛЕТІНІҢ ШЕБЕРЛЕРІ»

Сағат 6-30, 8-30-да басталады.

Петропавлдағы ет комбинатының «Белое» совхозында малазығындық қызылша сатылады. Қызылша сатып аламын деушілердің таңертеңгі сағат 8-ден кешкі сағат 8-ге дейін совхозға келіп жолығуларына болады.

ДИРЕКЦИЯ.

Ленин көшесі, 28-үйдегі № 164 орталық жыйнақ кассасы 1954 жылғы 22 марттан бастап таңертеңгі сағат 8-ден кешкі сағат 8-ге дейін жұмыс істей бастады. Күндізгі сағат 2-ден 3-ке дейін түсінісіз болады.

Соқырлар қоғамының оқу-өндіріс мастерскойы пималар дайындау үшін жүн қабылдайды, колхозшылардан арзандатылған баға бойынша қабылданады.

Адрес: Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 40-үй.

«Главмашбытк» тез арада трактор бөлшектерін жақсы білетін қоймашы, бөлшектерді іріктеуші жұмысшылар, қоймада жұмыс істеу үшін жүк тиеушілер КЕРЕК.

Жұмыс уақытында мына адрес бойынша келіп, түсінік алуға болады: Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 96-үй.

Облыстық «Главмашбыт» мекемесі 29 марттан 2 апрельге дейін мүліктерді қайта есепке алу ісін жүргізеді. Осыған байланысты бұл уақыт ішінде ешқандай запар бөлшектер босатылмайды.

Петропавл қаласы, Лозовский көшесі, 26-үйде тұратын Андрей Яковлевич Пастухов Петропавл қаласы, Степанов көшесі, 225-үйде тұратын Екатерина Григорьевна Пастуховадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 4-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.